

«ТАЗА СЕССИЯ» – АДАЛДЫҚТЫҢ БАСТАУЫ



Емтихандық сессия – студент өміріндегі ең жауапты кезең. Біздің міндетіміз емтихандық сессияларды таза да адал өткізу.

Қазіргі уақытта сыбайлас жемқорлық көріністері қоғамның әлеуметтік-экономикалық саласын ғана емес, рухани дамуына да кері әсерін тигізеді. Бұл, ең алдымен, еліміздің болашағы – жастарға айрықша әсер етеді. Оларды мектеп жасынан бастап, жоғары оқу орнын бітіргенге дейін адалдыққа тәрбиелеу керек.

Әсіресе, колледж қабырғасында абай болған жөн. Себебі, плагиаттық жұмыстарды пайдалану, «шпаргалка» қолдану немесе сессия кезінде түрлі қулықтарға жүгіну студенттердің арасында жиі кездесіп жатады. Ал, бұл сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға кері әсерін тигізеді. Сондықтан жастарды академиялық адалдыққа баулу басты міндеттердің бірі болып табылады.

Осы тұрғыдан колледжімізде білім алу үрдісінің қатысушыларының академиялық адалдық ережелері бекітілген болатын. Аталмыш ережелерді қабылдаудағы мақсат – білім беру сапасын жоғарлату, оның әлемдік стандарттарға сәйкес келуіне және бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ету. Осы тұрғыдан оқу орнында академиялық адалдық ережелерін қатаң түрде басшылыққа алуда.

Студенттер мен оқытушылық құрамы арасында академиялық адалдық принциптерін бұзу бойынша фактілерді тіркеу және қарастыру бойынша, колледжіміздің әкімшілік-басқару персоналдарынан **комиссия** құрылды. Комиссия – білім беру процесіне қатысушылардың құқықтарын қорғауды жүзеге асыратын тәуелсіз сарапшы орган ретінде құрылады және білім алушылардың оқу қызметінің Ә.Қастеев атындағы өнер және дизайн колледжінің оқытушылары мен қызметкерлерінің кәсіби қызметінің нәтижелеріне адамгершілік-этикалық бағалауды қамтамасыз етеді.

Ә.Қастеев атындағы өнер және дизайн колледжінің студенттері мен оқытушылық құрамы, қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттерді болдырмау және анықтау, жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында әр жылы 10-27 желтоқсаны аралығында Тіркеу офисімен және Студенттер активисттерімен «Таза сессия» акциясы өткізіледі. Осы акция негізінде колледжіміздің "Б" корпусының 115 аудиториясында арнайы диспетчерлік пункт құрылды. Бұл пунктте жазбаша тестілеу өткізілетін әрбір қойылған бейнекамералар арқылы бақылау жүргізілді.

Емтихан тапсыру барысында байқалған тәртіп бұзушылықтардың скриншоттары жасалып, емтихан тапсырушы студентке қатаң ескертулер жасалып, емтиханнан шығарылып жіберетіні ескертіледі. Тәрбие және жастар саясаты бөлімінің қызметкерлері, студенттер «Таза сессия» комиссиясының рейдтерін жасайды. «Сенім жәшігі» қойылып, колледжінің оқытушылары мен қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысты ақпарат бере алатын арнайы жұмыстар ұйымдастырылды. Осы кезеңге дейін «Сенім жәшігіне» шағым хаттар түскен жоқ.

Сонымен қатар, 2017 жылдың қыркүйек айынан бастап колледжімізде студенттер мен оқытушылық құрамының академиялық адалдық кодекстері қабылданған. Студент сессияны қаншалықты қиын болса да, адал тапсыруы керек. Сол үшін сессия кезінде, пара тұрмақ, өзге де, тыйым салынған әдістерді қолданбауы тиіс. Өз кезегінде, оқытушы студентке сапалы білім беруге тиіс және де студент білімін лайықты бағалауға міндетті.

Бүгінде колледж студенттерінің арасында әр бөлім басшыларының ұйымдастыруымен «ҚР-ның 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын жүзеге асырылуы туралы» кураторлық сағаттар өткізілді. Бұл шаралар білім мекемесіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметті шынайы бағалауға мүмкіндік береді және осы шаралардың барлығы коррупцияға қарсы саясаттың тиімділік дәрежесі бойынша сараланады. «Таза сессия» акциясы аясында ұйымдастырылған «Оқытушы студенттің көзімен» атты сауалнама нәтижесі бойынша арнайы мониторинг жасалынып отырады.

– студенттердің дипломдық жұмыстары/ жобалары;

– білім алушылардың, қызметкерлердің және оқытушылық құрамның ғылыми-әдістемелік басылымдарда жариялауға ұсынатын мақалалары, ғылыми жұмыстары;

– білім алушылардың колледж аралық, халықаралық конкурстарға ұсынатын ғылыми жұмыстары.

Алдыңғы аптада колледж кітапханасының қызметкерлері оқытушылар құрамымен және студенттермен жиналыс өткізіп, «Антиплагиат» бағдарламасының жұмысы мен талаптарын толықтай түсіндіріп өтті.

Бұл жағдай жаңадан қабылданған Академиялық адалдық ережелерінде қарастырылған. Академиялық адалдық ережелерін бұзылуына Ә.Қастеев атындағы өнер және дизайн колледжінің білім алушылары, жауап береді және қажет болса тәртіптік жазаға тартылады.

Академиялық адалдықтың бұзылуы:

1) ағымдағы үлгерімді бақылау;

2) аралық аттестаттау;

3) қорытынды аттестаттау (мемлекеттік/кешенді емтихандар, бітіру жұмыстарын қорғау). жұмысы кезінде анықталуы мүмкін.

Егерде білім алушылардың академиялық адалдық ережелерін бұзу фактілері анықталған жағдайда, осы фактіні тіркеген оқытушы немесе білім алушы заттай дәлелдемелерді қоса отырып, бөлім меңгерушісі жазбаша түрде хабардар етеді. Бөлім меңгерушісі сол күні құрамына кафедра меңгерушісі мен кафедра қызметкерлері кіретін тәртіптік комиссия отырысында мәселені қарап, шешім қабылдау керек.

Егер де сыбайлас жемқорлық фактісі орын алатын болса, студентте, оқытушыда заңға, адалдық кодексіне сәйкес жазаланатын болады.

Қорыта айтқанда, біз «Таза сессия» акциясын кеңінен қолдай отырып, ел болашағы болатын жастардың бойына сыбайластық, жемқорлық сияқты жат әрекеттерден сақтандыратын иммунитет қалыптастырамыз.

БЕКІТЕМІН

Ә.Қастеев атындағы
өнер және дизайн колледж директоры
Д.А.Айдарбеков
« ____ » _____ 2020жыл

«ТАЗА СЕССИЯ» АКЦИЯСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ
ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЖОСПАР

№	Іс-шара	Мерзімі	Жауаптылар
1.	«Таза сессия» акциясын ұйымдастыру және өткізу жұмыстары бойынша штаб құру	23 желтоқсанға дейін	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д.Т.Джумабаев
2.	Сенім телефоны қызметін ұйымдастыру	23 қазанға дейін	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д.Т.Джумабаев
3.	Бөлімдерде, кафедраларда ақпараттық қабырға газеттерін ұйымдастыру	25 желтоқсанға дейін	Бейсенбаев Б Наурызбаева Н Хабибуллаева С
4.	Бөлімдерде студенттермен кездесу ұйымдастыру	Сессия барысында	Бөлім меңгерушілері, студенттік өзін-өзі басқару ұйымдары, студенттік Альянс өкілдері
5.	Емтихан тапсыру кездеріндегі келеңсіз жағдайларды талқылау бойынша дөңгелек үстелдер өткізу	Емтихан кестесі негізінде (қосымшада)	Бөлім меңгерушілері, студенттік өзін-өзі басқару ұйымдары, студенттік Альянс өкілдері
6.	Студенттер арасында сауалнама жүргізу	27 желтоқсанға дейін	Педагог-психолог
7.	«Таза сессия» акциясын ұйымдастыру жөнінде пресс-релиз жасау және оларды БАҚ жіберу	25 желтоқсанға дейін	Бексұлтан Н
8.	«Таза сессия» акциясы туралы БАҚ-та жариялау	Сессия барысында	Бексұлтан Н

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

Д.Т.Джумабаев

Ә.ҚАСТЕЕВ АТЫНДАҒЫ ӨНЕР ЖӘНЕ ДИЗАЙН КОЛЛЕДЖІ

ХАТТАМА

ПРОТОКОЛ

«18» қыркүйек 2022 жыл №1

«18»сентябрь 2022год №1

ҚАТЫСҚАНДАР:

Колледж директоры Д.Айдарбеков, Абай аудық ПБ –нің полиция капитаны Қошанов Нұртаза Назанұлы, директордың тәрбие ісі жөніндегі Д.Джумабаев, директордың өндірістік тәжірибе ісі жөніндегі орынбасары Т.Бөрібаев, бөлім меңгерушілері кафедра меңгерушілері, топ жетекшілері және пән оқытушылары.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ: Сенім телефоны қызметін ұйымдастыру

ТЫҢДАЛДЫ: Сөйлеген Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д.Т. Джумабаев. Сенім телефоны қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, БҰҰ Бала құқықтары туралы конвенциясы, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасы Бала құқықтары туралы», «Білім туралы», «Неке және отбасы туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы», «Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеуді қолдау туралы», «Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыздықтың және панасыз қалудың алдын алу туралы» Заңдары, Халықаралық Еңбек Ұйымының «Балалар еңбегінің ең нашар түрлеріне тыйым салу және жою жөніндегі шұғыл шаралар туралы», «Жұмысқа қабылдау бойынша ең төменгі жас туралы» Конвенциялары және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріді айтып өтті.

Басқосуға қатысқан қызметкер колледж оқушыларының көптеген сұрақтарына жауап беріп, осылайша басқосу мағыналы болып өтті. Оны колледж директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д.Джумабаев ашып, жүргізіп отырды және соңынан қорытындылады.

1. ҚАУЛЫ: Сенім телефоны қызметін ұйымдастыру жұмысы топ жетекшілер назарына алынып барлық топтарға түсіндіру жұмысы жүргізілсін.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары:
Хатшы:

Д.Т. Джумабаев
Жолымова С

ХАТТАМА

«18» қараша 2022 ж. № 1/1

ПРОТОКОЛ

«18» қараша 2022 г. №1/1

ҚАТЫСҚАНДАР:

Колледж директоры Д.Айдарбеков, Абай аудық ІІБ –нің полиция капитаны Қошанов Нұртаза Назанұлы, директордың тәрбие ісі жөніндегі Д.Джумабаев, директордың өндірістік тәжірибе ісі жөніндегі орынбасары Т.Бөрібаев, бөлім меңгерушілері, кафедра меңгерушілері, топ жетекшілері және пән оқытушылары.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ: Жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алу, Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу.

ТЫҢДАЛДЫ: Сөйлеген Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д.Т. Джумабаев.

Сыбайлас жемқорлық-заманмен бірге небір қарсылықтарға төтеп беріп, табыстың жеңіл жолы ретінде, бүгінге дейін жойылмай отырғаны баршамызға мәлім. Басқа мемлекеттер секілді біздің елімізді де бұл құбылыс айналып өткен жоқ. Президент Н.Назарбаев ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тұрақтылыққа төнген қатер ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы жөніндегі жалпы ұлттық кешенді баяндаманы дәйекті түрде жүзеге асырудың қажеттігін айтып, сыбайлас жемқорлық пен күрес жүргізу қоғамның барлық мүшелерінің борышы екенін атап көрсетті. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң қабылданғаннан бергі жылдардың ішінде, жемқорлыққа қарсы іс әректтер дайектілікпен жүзеге асырылуда. Осы бағыттағы шаралар мен көкейтесті мәселелерді шешуде заңдылықты жетілдіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді.

Жақында Ә.Қастеев атындағы өнер және дизайн колледжінің оқытушыларымен оқушыларының бірлескен жиыны өтті. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алу мәселесі бойынша Абай аудық ІІБ –нің полиция капитаны Қошанов Нұртаза Назанұлы баяндамалар оқылып түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Онда орын алып отырған жасөспірімдер түнгі белгіленген мерзімнен кейін жеке жүруге тиым салынатыны, ондай жағдайларда ата-аналарына айыппұл салынатынын ескертілді. Жемқорлықты жою бойынша өзара ойлар, пікірлер айтылды. Колледж ұстаздары жемқорлықтың зиянды тұстарын сөз етіп, жастарға тәлім тәрбиелік мәні бар бағыттарын ашты.

Жасөспірімдер арасындағы қылмысты болдырмауға іс-шараларды белгілеп, оны жүзеге асыруға жауаптылар белгіленді.

Басқосуға қатысқан полиция қызметкері колледж оқушыларының көптеген сұрақтарына жауап беріп, осылайша басқосу мағыналы болып өтті. Оны колледж директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д.Джумабаев ашып, жүргізіп отырды және соңынан қорытындылады.

1. ҚАУЛЫ: Жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алу, Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу іс шаралары барлық оқытушылар және топ жетекшілер назарына алынсын.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары:

Д.Т. Джумабаев

Хатшы:

Ғ.Елшенова

ХАТТАМА

ПРОТОКОЛ

«05» қанан 2022 ж. №2

«05»октябрь 2022 г. №2

ҚАТЫСҚАНДАР:

Колледж директоры Д.Айдарбеков, директордың тәрбие ісі жөніндегі Д.Джумабаев, директордың өндірістік тәжірибе ісі жөніндегі орынбасары Т.Бөрібаев, бөлім меңгерушілері, кафедра меңгерушілері, топ жетекшілері және пән оқытушылары.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес-мемлекеттік саясаттың басым бағыты»

ТЫҢДАЛДЫ: Сөйлеген «Дизайн» бөлімінің меңгерушісі.

Елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, Еңбек кодексі, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңы Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мелекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексі негізгі нормативтік құқықтық актілері болып табылады. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік саясаттың басым бағытын ұстану әр бір азаматтың міндеті, борышы. Осы аталған саладағы қабылданған заңнамалардың басты мақаты – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлықа көріністерінен туындайтын қауіп қатерден Республиканың ұлттық қауіпсіздігін қамтамсыз етуге, осыған байланысты құқық бұзушылықтың, қылмыстың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді тиісті жауапқа тартумен қатар, демократиялық негіздерді, мемлекеттік басқарудағы жариялық пен бақылауды кеңейтуге халықтың мемлекет пен оның құрылымдарына деген сенімдерін нығайтуға, білікті мамандарды мемлекеттік қызыметке кіруге ынталандыруға, мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың риясыз адалдығы үшін жағдайлар жасауға бағытталғаны жөнінде атап өту қажет. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлық пен күрес туралы» заңында сыбайлас жемқорлыққа келесідей берілген: Мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай-ақ соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттілігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып не мүліктік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүлікті игіліктер мен артықшылықтар алуы, сол сияты бұл адамдарға және заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беру арқылы оларды сатып алуы сыбайлас жемқорлық деп ұғынылады.

ТЫҢДАЛДЫ: Сөйлеген директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д.Джумабаев.

Сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу, 2017-2018 оқу жылының басталуына байланысты алдымызда сессия бар, сынақ емтихан кезіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алып Қазақстан Республикамыздың заңнамаларымен таныстырылып, заңды бұзған оқытушыларға қатаң шара қолданылатынын ескертті. Жоспар бойынша оқу жылындағы өткізілетін іс шаралар кестесімен таныстырылды.

1. ҚАУЛЫ: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес- мемлекеттік саясаттың басты бағыты» тақырыбындағы баяндама оқытушылар назарына алынсын.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары:

Хатшы:

Д.Т. Джумабаев

Ғ.Елшенова

28.11.2022жыл

Ә.Қастеев атындағы өнер және дизайн колледжі

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасы
заңының орындалу туралы өткізілген кездесу

МӘЛІМЕТІ

Сыбайлас жемқорлық-заманмен бірге небір қарсылықтарға төтеп беріп, табыстың жеңіл жолы ретінде, бүгінге дейін жойылмай отырғаны баршамызға мәлім. Басқа мемлекеттер секілді біздің елімізді де бұл құбылыс айналып өткен жоқ. Президент ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тұрақтылыққа төнген қатер ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы жөніндегі жалпы ұлттық кешенді баяндаманы дәйекті түрде жүзеге асырудың қажеттігін айтып, сыбайлас жемқорлық пен күрес жүргізу қоғамның барлық мүшелерінің борышы екенін атап көрсетті. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң қабылданғаннан бергі жылдардың ішінде, жемқорлыққа қарсы іс әрекеттер дәйектілікпен жүзеге асырылуда. Осы бағыттағы шаралар мен көкейтесті мәселелерді шешуде заңдылықты жетілдіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді.

Жақында Ә.Қастеев атындағы өнер және дизайн колледжінің оқытушыларымен оқушыларының бірлескен жиыны өтті. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алу мәселесі бойынша Абай аудық ІІБ –нің полиция капитаны Елгебаев Жандос баяндамалар оқылып түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Онда орын алып отырған жасөспірімдер түнгі белгіленген мерзімнен кейін жеке жүруге тиым салынатыны, ондай жағдайларда ата-аналарына айыппұл салынатынын ескертілді. Жемқорлықты жою бойынша өзара ойлар, пікірлер айтылды. Колледж ұстаздары жемқорлықтың зиянды тұстарын сөз етіп, жастарға тәлім тәрбиелік мәні бар бағыттарын ашты. Жасөспірімдер арасындағы қылмысты болдырмауға іс-шараларды белгілеп, оны жүзеге асыруға жауаптылар белгіленді.

Басқосуға қатысқан полиция қызметкері колледж оқушыларының көптеген сұрақтарына жауап беріп, осылайша басқосу мағыналы болып өтті. Оны колледж директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д.Джумабаев ашып, жүргізіп отырды және соңынан қорытындылады.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

Д.Джумабаев

ХАТТАМА

ПРОТОКОЛ

«22» қаңтар 2021 ж. № 6

«22» январь 2021 г. №6

ҚАТЫСҚАНДАР:

Колледж директорының міндетін атқарушы Д.Айдарбеков, директордың тәрбие ісі жөніндегі Д.Джумабаев, директордың өндірістік тәжірибе ісі жөніндегі орынбасары Т.Бөрібаев, бөлім меңгерушілері, кафедра меңгерушілері, топ жетекшілері және пән оқытушылары.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ: «Парасыз таза сессия»

ТЫҢДАЛДЫ: Сөйлеген «Дизайн» бөлімінің меңгерушісі

Елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, Еңбек кодексі, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңы Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мелекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексі негізгі нормативтік құқықтық актілері болып табылады. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік саясаттың басым бағытын ұстану әр бір азаматтың міндеті, борышы. Осы аталған саладағы қабылданған заңнамалардың басты мақаты – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлыққа көріністерінен туындайтын қауіп қатерден Республиканың ұлттық қауіпсіздігін қамтамсыз етуге, осыған байланысты құқық бұзушылықтың, қылмыстың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді тиісті жауапқа тартумен қатар, демократиялық негіздерді, мемлекеттік басқарудағы жариялық пен бақылауды кеңейтуге халықтың мемлекет пен оның құрылымдарына деген сенімдерін нығайтуға, білікті мамандарды мемлекеттік қызметке кіруге ынталандыруға, мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың риясыз адалдығы үшін жағдайлар жасауға бағытталғаны жөнінде атап өту қажет. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлық пен күрес туралы» заңында сыбайлас жемқорлыққа келесідей берілген: Мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай-ақ соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттілігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып не мүліктік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүлікті игіліктер мен артықшылықтар алуы, сол сияты бұл адамдарға және заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беру арқылы оларды сатып алуы сыбайлас жемқорлық деп ұғынылады.

ТЫҢДАЛДЫ: Сөйлеген директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д.Джумабаев.

Сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу, 2020-2021 оқу жылының бірінші жарты жылдықтың бітуіне байланысты алдымызда сессия басталмақ, сынақ емтихан кезіндегі сыбайлас жемқорлықтын алдын алып Қазақстан Республикамыздың заңнамаларымен таныстырылып, заңды бұзған оқытушыларға қатаң шара қолданылытынын ескертті.

1. ҚАУЛЫ: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес- мемлекеттік саясаттың басты бағыты» тақырыбындағы баяндама оқытушылар назарына алынсын.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі

орынбасары:

Д.Т. Джумабаев

хатшы:

Ғ.Елшенова

Ә.Қастеев атындағы өнер және дизайн колледжі

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасы
заңының орындалу туралы өткізілген кездесу

МӘЛІМЕТІ

Сыбайлас жемқорлық-заманмен бірге небір қарсылықтарға төтеп беріп, табыстың жеңіл жолы ретінде, бүгінге дейін жойылмай отырғаны баршамызға мәлім. Басқа мемлекеттер секілді біздің елімізді де бұл құбылыс айналып өткен жоқ. Президенті ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тұрақтылыққа төнген қатер ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы жөніндегі жалпы ұлттық кешенді баяндаманы дәйекті түрде жүзеге асырудың қажеттігін айтып, сыбайлас жемқорлық пен күрес жүргізу қоғамның барлық мүшелерінің борышы екенін атап көрсетті. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң қабылданғаннан бергі жылдардың ішінде, жемқорлыққа қарсы іс әректтер дәйектілікпен жүзеге асырылуда. Осы бағыттағы шаралар мен көкейтесті мәселелерді шешуде заңдылықты жетілдіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді.

Жақында Ә.Қастеев атындағы өнер және дизайн колледжінің оқытушыларымен оқушыларының бірлескен жиыны өтті. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алу мәселесі бойынша Абай аудық ІІБ –нің полиция капитаны Елгебаев Жандос мырза баяндамалар оқылып түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Онда орын алып отырған жасөспірімдер түнгі белгіленген мерзімнен кейін жеке жүруге тиым салынатыны, ондай жағдайларда ата-аналарына айыппұл салынатынын ескертілді. Жемқорлықты жою бойынша өзара ойлар, пікірлер айтылды. Колледж ұстаздары жемқорлықтың зиянды тұстарын сөз етіп, жастарға тәлім тәрбиелік мәні бар бағыттарын ашты. Жасөспірімдер арасындағы қылмысты болдырмауға іс-шараларды белгілеп, оны жүзеге асыруға жауаптылар белгіленді.

Басқосуға қатысқан полиция қызметкері колледж оқушыларының көптеген сұрақтарына жауап беріп, осылайша басқосу мағыналы болып өтті. Оны колледж директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д.Джумабаев ашып, жүргізіп отырды және соңынан қорытындылады.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

Д.Джумабаев





